

INTERNATIONAL SCIENCE REVIEWS



№1 (4) 2023

Social Sciences series

www.aiu.kz



International Science Reviews

Social Sciences series

Published since 2020

No. 1 (4) / 2023

Astana

EDITOR-IN-CHIEF:

Doctor of Jurisprudence, Professor
Amandykova S.K.

DEPUTY EDITOR-IN-CHIEF:

PhD, Assistant Professor
Khairmukhanmedov N.I.

EDITORIAL BOARD:

- | | |
|------------------------------|--|
| Irsaliyev S. A. | - Candidate of Agricultural Sciences, President AIU, (Kazakhstan) |
| Sarsenbay N. A. | - Candidate of Economic Sciences, (Kazakhstan) |
| Somzhurek B.Zh. | - Candidate of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan) |
| Kazhyken M. Z. | - Doctor of Economic Sciences, (Kazakhstan) |
| Toxanova A.N. | - Doctor of Economic Sciences, (Kazakhstan) |
| Akhmadiyeva Zh.K. | - Candidate of Pedagogical Sciences, Associate professor (Kazakhstan) |
| Laumulin M. T. | - Doctor of Political Sciences, (Kazakhstan) |
| Orlova O.S. | - Doctor of Pedagogical Sciences, Professor (Russia) |
| Jacek Zaleśny | - Doctor of Jurisprudence, Professor (Poland) |
| Francisco Javier Diaz | - Dr. hab., Professor (Spain) |
| Revorio | |
| László Károly Marác | - PhD (The Netherlands) |
| Verbitskiy A.A. | - Doctor of Pedagogy, Academician of the Russian Academy of Education (Russia) |

Editorial address: 8, Kabanbay Batyr avenue, of.316, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010000
Tel.: (7172) 24-18-52 (ext. 316)
E-mail: social-sciences@aiu.kz

International Science Reviews**Social Sciences series**

Owner: Astana International University

Periodicity: quarterly

Circulation: 500 copies

**«INTERNATIONAL SCIENCE REVIEWS»
Social Sciences Series 2023 / №1**

МАЗМҰНЫ

**Секция
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ**

<u>Кажыкен М.З.</u> ҰЛЫ ДАЛА МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ.....	10
<u>Смагулова З.К., Мороз В.В.</u> КӨШБАСШЫЛЫҚ ФЕНОМЕНІ: ӨЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУШЫЛЫҚ КОНТЕКСТ.....	20
<u>Аймұрзина Б.Т., Каменова М.Ж.</u> КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ МЕХАНИЗМДЕРІ.....	31
<u>Галиев С.Ж.</u> БӘСЕКЕЛЕСТІК ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ МЕН МОНДЕРНИЗАЦИЯ ФАКТОРЫ ЕМЕС.....	41
<u>Дюсенбаев Ж., Байбашева Г.К., Кайдарова С.Е.</u> СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАЛАМАЛАР ЖӘНЕ СӘТТІЛІК ФАКТОРЛАРЫ.....	52
<u>Омаров А.С., Аймұрзина Б.Т.</u> ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУ ПРОЦЕСТЕРІ.....	59
<u>Сұханов А.</u> ЖАҢА ГЕОСАЯСИ ЖӘНЕ ГЕОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ «БІР БЕЛДЕУ, БІР ЖОЛ» БАСТАМАСЫ.....	65
<u>Балтыхан А.Б., Лесбаева Г.Т., Байбашева Г.К.</u> ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	79
<u>Усипбеков А.А., Нуржанова Г.И., Ниязбекова Ш.У.</u> ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ НАРЫҚТАРЫН ТАЛДАУ ӨДІСТЕРІ.....	87

Секция ҚҰҚЫҚ

<u>Абугалиева Ф.М., Елубекова А.К.</u> ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТЫ БОЙЫНША ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР.....	100
<u>Идгеев М.С., Иманбаев С.М.</u> ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	110
<u>Бердібек Ғ.Е., Сеилханов Ж.Д.</u> ҚАЗІРГІ ҚҰҚЫҚ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ЭКСТРЕМИЗМ КАТЕГОРИЯСЫ: МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПІКІРТАЛАСТАР.....	121
<u>Әбдікадыр А.Ә.</u> АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ САТЫДАҒЫ СОТ МӘРТЕБЕСІ.....	127
<u>Санақбекқызы С., Иманбаев С.М.</u> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ЖҮЙЕСІ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ	134
<u>Садыков Т.К.</u> ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ЗАҢДАРЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ ТҮЛҒАЛАР.....	143

Секция ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

<u>Нұртзин М.С., Ибраева А.Е.</u> ЕО-НЫҢ 2019 ЖЫЛҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ БОЙЫНША ЖАҢА СТРАТЕГИЯСЫ: ҚАЗАҚСТАН ҮШІН ПЕРСПЕКТИВАЛАР.....	156
<u>Сатыбаев Д.Д., Ибраева А.Е.</u> ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ӨНІРІНДЕ РАДИКАЛДЫ ИСЛАМИЗМНІҢ ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІ	163
<u>Айтбай А.Ж., Ибраева А.Е.</u> ПЕРСПЕКТИВЫ ГУМАНИТАРНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА МУЖДУ ЕС И ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИЕЙ.....	170

«INTERNATIONAL SCIENCE REVIEWS»
Social Sciences Series 2023 / №1

СОДЕРЖАНИЕ

Секция
ЭКОНОМИКА и ФИНАНС

<u>Кажыкен М.З.</u> ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В ВЕЛИКОЙ СТЕПИ И ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....	10
<u>Смагулова З.К., Мороз В.В.</u> ФЕНОМЕН ЛИДЕРСТВА: СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ И УПРАВЛЕНЧЕСКИЙ КОНТЕКСТ.....	20
<u>Аймурзина Б.Т., Каменова М.Ж.</u> МЕХАНИЗМЫ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОДДЕРЖКИ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ УСТОЙЧИВОСТИ РАЗВИТИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА.....	31
<u>Галиев С.Ж.</u> КОНКУРЕНЦИЯ НЕ ФАКТОР ИНДУСТРИАЛИЗАЦИИ И МОДЕРНИЗАЦИИ.....	41
<u>Дюсенбаев Ж., Байбашева Г.К., Кайдарова С.Е.</u> СТРАТЕГИЧЕСКИЕ АЛЬТЕРНАТИВЫ И ФАКТОРЫ УСПЕХА.....	52
<u>Омаров А.С., Аймурзина Б.Т.</u> ПРОЦЕССЫ СТРАТЕГИЧЕСКОГО УПРАВЛЕНИЯ В ОРГАНИЗАЦИЯХ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ.....	59
<u>Суханов А.</u> ИНИЦИАТИВА «ОДИН ПОЯС, ОДИН ПУТЬ» В НОВЫХ ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ И ГЕОЭКОНОМИЧЕСКИХ УСЛОВИЯХ.....	65
<u>Балтыхан А.Б., Лесбаева Г.Т., Байбашева Г.К.</u> ОРГАНИЗАЦИОННО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ В ВУЗЕ.....	79
<u>Усипбеков А.А., Нуржанова Г.И., Ниязбекова Ш.У.</u> МЕТОДЫ АНАЛИЗА ФИНАНСОВЫХ РЫНКОВ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКИ....	87

Секция ПРАВО

Абугалиева Ф.М., Елубекова А.К. АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ПРАВОВОЙ ПРИРОДЫ УГОЛОВНЫХ ПРОСТУПКОВ В ПРАВОПРИМЕНИТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКЕ.....100

Идгеев М.С., Иманбаев С.М. КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРЕСТУПНОСТИ В СТРОИТЕЛЬНОЙ ОТРАСЛИ.....110

Бердібек Ғ.Е., Сеілханов Ж.Д. КАТЕГОРИЯ ЭКСТРЕМИЗМА В СОВРЕМЕННОЙ ПРАВОВОЙ НАУКЕ: ПРОБЛЕМЫ И ДИСКУССИИ....121

Әбдікадыр А.Ә. СТАТУС СУДА АПЕЛЛЯЦИОННОЙ ИНСТАНЦИИ.....127

Санакбекқызы С., Иманбаев С.М. СОВРЕМЕННЫЕ ПРОГРАММЫ РАЗВИТИЯ УГОЛОВНО-ИСПОЛНИТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....134

Садықов Т.К. ЛИЦА-ОСНОВАТЕЛИ ЗАКОНОВ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА.....143

Секция МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ

Нұртзин М.С., Ибраева А.Е. НОВАЯ СТРАТЕГИЯ ЕС ДЛЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ 2019: ПЕРСПЕКТИВЫ ДЛЯ КАЗАХСТАНА.....156

Сатыбаев Д.Д., Ибраева А.Е. ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ РАДИКАЛЬНОГО ИСЛАМИЗМА В РЕГИОНЕ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ...163

Айтбай А.Ж., Ибраева А.Е. ПЕРСПЕКТИВЫ ГУМАНИТАРНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА МУЖДУ ЕС И ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИЕЙ.....170

**«INTERNATIONAL SCIENCE REVIEWS»
Social Sciences Series 2022 / No 4**

CONTENT

**Section
ECONOMICS AND FINANCE**

<u>Kazhyken M.Z.</u> ECONOMIC ACTIVITY IN THE GREAT STEPPE AND CENTRAL ASIA.....	10
<u>Smagulova Z.K., Moroz V.V.</u> THE PHENOMENON OF LEADERSHIP: SOCIO-PSYCHOLOGICAL AND MANAGERIAL CONTEXT.....	20
<u>Aimurzina B.T., Kamenova M.Zh.</u> MECHANISMS OF STATE SUPPORT FOR ENVIRONMENTAL SUSTAINABILITY OF ENTREPRENEURSHIP DEVELOPMENT.....	31
<u>Galiev S.Zh.</u> CONCURENCTION IS NOT A FACTOR OF INDUSTRIALIZATION AND MODERNIZATION.....	41
<u>Dyussenbayev Zh., Baibasheva G.K., Kaidarova S.E.</u> STRATEGIC ALTERNATIVES AND SUCCESS FACTORS.....	52
<u>Omarov A.S., Aimurzina B.T.</u> STRATEGIC MANAGEMENT PROCESSES IN HEALTHCARE ORGANIZATIONS.....	59
<u>Sukhanov A.</u> ONE BELT, ONE ROAD INITIATIVE IN NEW GEOPOLITICAL AND GEOECONOMIC CONDITIONS.....	65
<u>Baltykhan A.B., Lesbayeva G.T., Baibasheva G.K.</u> ORGANIZATIONAL AND ECONOMIC ASPECTS OF THE CORPORATE HIGHER EDUCATION MANAGEMENT FORMATION.....	79
<u>Usipbekov A.A., Nurzhanova G.I., Niyazbekova Sh.U.</u> METHODS FOR ANALYZING FINANCIAL MARKETS IN THE DIGITAL ECONOMY.....	87

Section LAW

<u>Abugalieva F.M., Elubekova A.K.</u> ACTUAL PROBLEMS OF THE LEGAL NATURE OF CRIMINAL OFFENSES IN LAW ENFORCEMENT PRACTICE.....	100
<u>Idgeev M.S., Imanbaev S.M.</u> CRIMINOLOGICAL ASPECTS OF CRIME IN THE CONSTRUCTION INDUSTRY.....	110
<u>Berdibek G.E., Seilkhanov Zh.D.</u> THE CATEGORY OF EXTREMISM IN MODERN LEGAL SCIENCE: PROBLEMS AND DISCUSSIONS.....	121
<u>Abdikadyr A.A., Amandykova S.K.</u> STATUS OF THE COURT OF APPEALS.....	127
<u>Sanakbekkyzy S., Imanbaev S.M.</u> MODERN PROGRAMS OF DEVELOPMENT OF THE CRIMINAL-EXECUTIVE SYSTEM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....	134
<u>Sadykov T.K.</u> PERSONS-FOUNDERS OF THE LAWS OF THE KAZAKH KHANATE.....	143

Section INTERNATIONAL RELATIONS

<u>Nurtazin M.S., Ibrayeva A.E.</u> NEW EU STRATEGY FOR CENTRAL ASIA 2019: PROSPECTS FOR KAZAKHSTAN.....	156
<u>Satybayev D.D., Ibrayeva A.E.</u> PROSPECTS FOR THE DEVELOPMENT OF RADICAL ISLAMISM IN THE CENTRAL ASIAN REGION.....	163
<u>Aitbay A.Zh., Ibrayeva A.E.</u> PROSPECTS FOR HUMANITARIAN COOPERATION BETWEEN THE EU AND CENTRAL ASIA.....	170

АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ САТЫДАҒЫ СОТ МӘРТЕБЕСІ

А.Ә.Әбдікадыр¹, С.К.Амандыкова²

¹Астана халықаралық университеті
Құқық жоғары мектебінің 2 курс магистранты
adilbekovna88.88@mail.ru

²Астана халықаралық университеті
Құқық жоғары мектебінің профессоры

Андатпа: Елімізде сот жүйесін әлемдік стандартқа сәйкестендіру бағытында біршама игі шаралармен қатар, сот реформасына сай апелляциялық өндірісті күшейту бағыты өз дәрежесінде жүзеге асырылып, Азаматтық іс жүргізу кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобаларында да апелляциялық сатыға ерекше көңіл бөлініп отыр.

Кілт сөздер: *Апелляциялық саты, конституция, сот, мемлекет, азаматтық процестік кодекс.*

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 13 бабында әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауына құқығы бар [1] деп көрсетілгендей, заң әрбір адамға бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтарын, заңмен қорғалатын мүдделерін қорғап сотқа жүгінуге мүмкіншіліктер берген. Демек, мемлекетіміздегі әрбір жеке және заңды тұлғалардың құқығын қорғап, заңнаманың қағидаларын тікелей орындайтын сот билігінің билік саласы ретіндегі атқаратын жалпы мемлекеттік құрылыстың тұрақтылығының бірден бір кепілі, әрі басты құралдарының бірі болып табылады. Елімізде сот жүйесін әлемдік стандартқа сәйкестендіру бағытында біршама игі шаралармен қатар, сот реформасына сай апелляциялық өндірісті күшейту бағыты өз дәрежесінде жүзеге асырылып, Азаматтық іс жүргізу кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобаларында да апелляциялық сатыға ерекше көңіл бөлініп отыр. Осыған орай, Азаматтық процестік кодексінде сот актілерін қайта қарау бойынша іс жүргізуге арналған 52, 53 тараулар енгізіліп, аталған тарауларда сот актілеріне апелляциялық шағымдану мен наразылық келтірумен бірге апелляциялық шағымдар, наразылықтар бойынша істерді қарау тәртібі қарастырылған. Апелляциялық сатыдағы сот заңды күшіне енген, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының шешімдерінен басқа, бірінші сатыдағы сот шешімдеріне апелляциялық шағым мен наразылықты қарайтын

екінші сатыдағы сот [2]. Сот шешімдеріне апелляциялық шағым жасау құқығы іске қатысушы тараптар мен басқа да тұлғаларға тиесілі.

НЕПІЗГІ БӨЛІМ

П.Н. Осипов сөзінше апелляция бірқатар мемлекеттерде сот қаулысына шағымданудың бір нысаны, яғни тараптардың шағымдары бойынша және шағымда көзделген талап шегінде істі мәні бойынша қарайтын жоғары тұрған екінші сатыдағы сот болып табылады [3, 67 б.].

О.В. Арсентьев ойынша апелляциялық шағымдар мен наразылықтар бойынша апелляциялық сатыдағы сот:

–істе бар және қосымша табыс етілген материалдар бойынша істің нақты мән–жайы анықталуының;

–материалдық құқық нормаларының қолданылуы мен түсіндірілуінің дұрыстығын;

–істі қарау мен шешу кезінде азаматтық іс жүргізу заңы нормаларының сақталуын тексереді [4, 102 б.].

Апелляциялық сатыдағы сот өкілеттігіне келетін болсақ:

1) бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгеріссіз, ал шағымды немесе наразылықты қанағаттандырмай тастауға;

2) бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгертуге;

3) бірінші сатыдағы сот шешімінің күшін жоюға және жаңа шешім шығаруға;

4) апелляциялық тәртіппен сот шешімінің күшін жоюдың не оны өзгерту көзделген материалдық немесе іс жүргізу құқығы нормаларының бұзылғаны актісі қаулы түрінде шығарылады [5, 10 б.]. анықталған жағдайда шешімнің күшін жойып, істі бірінші сатыдағы соттың жаңадан қарауына жіберуге;

5) іс бойынша іс жүргізуді қысқарту мен арызды қараусыз қалдырудың көзделген негіздері бойынша шешімнің толық немесе оның бөлігіндегі күшін.

Бұл апелляциялық сатыдағы сот істе қосымша материалдар беруде істің мән жайын анықтауға, сондай ақ материалдық құқық нормасын талқылауға және оны дұрыс қолдануға мүмкіндік туғызып отыр. Сонымен бірге, сот актілерін қайта

қарауда және оны заңды жолмен шешу барысында азаматтық заңының сақталуын көздейтінін дәлелдеуде. Нақты айтқанда, заң шығару орны апелляциялық саты үшін мүдделілік танытқан тараптардың бастамасымен істі өз мәні бойынша екінші рет қараудың мүмкіндігін бекітіп берді.

Д.В. Дождев сөзінше апелляциялық өндіріс іс жүргізудің сатысы ретінде – бір ортақ мақсатқа жету, белгілі бір процессуалдық әрекеттердің жиынтығынан тұратын сот өндірісінің бір бөлігі [6, 205 б.].

Сот шешімдеріне апелляциялық шағымдар мен наразылықтар келтіру негізгі саты ретінде азаматтық іс жүргізуде маңызды орынды иеленіп, сот шешімдерін қайта қарау барысында өзіне тән ерекшеліктерімен сипатталады.

Олар төмендегідей сипаттарға ие:

1. Заңды күшіне енбеген сот шешіміне ғана апелляция беруге болады;
2. Апелляция бойынша іс жоғары тұрған сотқа жіберіледі;
3. Бірінші сатыдағы соттың шешімі қате болған жағдайда апелляция беруге болады;
4. Апелляциялық сатыда істі қайта қарау барысында дәлелдеме мәселелерімен бірге құқық мәселелерін де қарастырады;
5. Әр іс бойынша апелляциялық сатыға жүгінуге бір рет қана жол беріледі.

А.Ф. Клейнман ойынша апелляция сатысының негізгі мақсаты болып екінші сатыда қаралатын істің мән жайларын дұрыс анықтап, материалдық құқық нормаларының дұрыс қоданылуы мен түсіндірілуін тексеріп, істі қарап шешім қабылдауда азаматтық іс жүргізу заңының нормаларын сақтау және қате сот шешімінің заңды күшіне енуі мен орындалуына жол бермеу [7, 128 б.].

Апелляциялық сатыдағы сот өндірісі азаматтық іс жүргізу қағидаларына негізделген, бірінші сатыдағы соттардың міндеті болып істерді мәні бойынша қарау болса, апелляциялық сатыдағы соттың міндеті заңды күшіне енбеген сот актілерін қайта қарау болып табылады. Апелляциялық сатыда іс жүргізуде соттардың тәуелсіздігі мен олардың тек заңға сүйенуі, сот әділдігін тек заңға сәйкес жүзеге асыру, сот ісін жүргізудің мемлекеттік тілі, сотта істі қараудың жариялылығы мен тараптардың айтысуы мен тең құқықтылығы қағидалары қатаң сақталады.

Л.А. Терехова сөзінше апелляциялық сатыдағы сот тараптар табыс еткен немесе олардың өтініштері бойынша талап етіліп алынған, істі дұрыс шешу үшін маңызы бар қосымша материалдарды, алынған сараптамалық қорытындыларды бірінші сатыдағы сот үшін көзделген қағидалар бойынша зерделеп, отырысқа шақырылған тұлғалардан жауап алады [8, 35 б.].

Аудандық және оларға теңестірілген соттар шығарған шешімдерге апелляциялық шағымдар мен наразылықтарды облыстық және оған теңестірілген соттың судьясы жеке дара қарайды [2].

Апелляциялық сатыдағы соттың қаулылары мен ұйғарымдарына кассациялық шағымдану және наразылық беру құқығы тараптарға және іске қатысушы басқа тұлғаларға тиесілі. Іске қатысуға тартылмаған, бірақ сот олардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты қаулы немесе ұйғарым шығарған тұлғалар да кассациялық шағымдануға құқылы. Апелляциялық сатыдағы соттың қаулылары мен ұйғарымдарына кассациялық наразылық беру құқығы істі апелляциялық тәртіппен қарауға қатысатын прокурорға тиесілі. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және оның орынбасарлары, облыстардың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар істі қарауға қатысқан қатыспағанына қарамастан, апелляциялық сатыдағы соттың қаулылары мен ұйғарымдарына наразылық беруге құқылы.

Л.А. Терехова пікірінше апелляциялық сатыдағы соттың қаулылары мен ұйғарымдарына кассациялық шағымды немесе наразылықты облыстық және оған теңестірілген сот кемінде үш судья құрамында қарайды [9, 60 б.].

Қазіргі таңда еліміздің сот жүйесіндегі реформалар қарқынды деңгейде дамып, айтарлықтай маңызды жетістіктерге қол жеткізуде. Олай дейтінім, дайындалған заң жобасына сәйкес сот жүйесі үш буынды сот жүйесінен құрылды: бірінші саты аудандық соттар, апелляциялық және кассациялық сатылар. Апелляциялық сатылар тек қана облыстық соттардың құзырында ғана сақталып, Жоғарғы Соттың апелляциялық алқалары таратылды. Облыстық соттардың қадағалау алқалары жойылып, қадағалау ретінде сот актілерін тексеру құқығы тек қана Жоғарғы Соттың құзырында қалдырылды. Сот сатыларының бұлайша қысқартылуы, өз құқықтарын қорғау үшін сотқа жүгінуші адамдардың жағдайын жақсартуға өз үлесін қосары сөзсіз. Басты бағыт еліміздегі сот жүйесінің реформаларының деңгейін көтеру, апелляция сатысының сот өндірісіндегі рөлін күшейту, қоғамда заңдылық пен тұрақтылықты нығайтуға мүмкіндік беретін тәуелсіз және тиімді сот төрелігін жетілдіру мен сапасын арттырып дамыту.

Жоғарыда көрсетілген мәселелерді қортындылайтын болсам, Ю.С. Шкундин еңбегінде заңды күшіне енген шешімдерді апелляциялық сатыда қайта қарау сот актілерінің заңдылығы мен негізділігін тексеретін тез және тиімді әдістердің бірі деп көрсеткен. Себебі, судьялар өз қызметіне қаншалықты жауаптылықпен қараса да кателіктерді жіберуден сақталмаған. Істің мән жайын анықтауда жеткілікті қарамау, заңды дұрыс түсінбеу себептеріне қоса судьяның субъективті көзқарасы заңсыз және негізсіз шешім шығаруға әсерін тигізеді [10, 30 б.].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі таңдағы апелляция сатысының сот өндірісіндегі алатын орны зор деп айтуға болады, сот шешімдерін қайта қараудашешімнің заңдылығы мен негізділігін тексеріп әділ шешім шығарумен қатар азаматтардың сотқа деген сенімінің артуына негіз болып, сонымен қатар қоғам мен мемлекеттің мүддесін қорғаумен қатар адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сот арқылы қорғауға айтарлықтай үлесін қосуда.

2016 жылдан бастап бірінші саты аудандық соттар, апелляциялық саты облыстық соттар, кассациялық саты Жоғарғы Сот деген шешім қабылданды. Еліміздің Конституциясына және «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңға, сондай-ақ кейбір заңдарға тиісті өзгерістер енгізгеннен кейін сот жүйесі жаңа үлгіде 2016 жылдан бастап істей бастады.

Бұл қабылданған өзгерістер судьялардың жауапкершілігін арттыруға және жүктемелердің артуына алып келетініне күмән жоқ. Жоғарғы Соттың жүктемесі әрине арта түседі, себебі қазіргі кезде кассациялық сатыда өте көп істер қаралды, ал бұл істерді Жоғарғы сот қарайтын болады. Ұлт жоспарының 23 қадамында, инвестициялық даулар бойынша, жеке істерін жүргізуді құру, Жоғарғы Сотта ірі инвесторлар қатысатын дауларды қарау үшін Инвестициялық алқаны ұйымдастыру мәселесі қаралған. Бұл жағдайда Жоғарғы Сотта судьялар саны және аппарат қызметкерлерінің саны артылған. Апелляциялық саты судьяларының рөлі күшейді. Бұл орайда апелляциялық саты істерді үш судьядан тұратын алқа негізінен қарайды.

Ф.А. Тлегенова ойынша азаматтық істер бойынша жеңілдетілген және бұйрық арқылы іс жүргізу нысанында істер апелляциялық сатыда шешімдерін таппақ, мұндағы мақсат азаматтарды әуреге салмай, сот сатыларын мейілінше

азайту, сот төрелігіне қолжетімділікті арттыру, іс бойынша шешім тез қабылданып, сот әділдігін орнату [11, 125 б.].

Халыққа заңды жетік білетін, заң үстемдігін әрқашан жоғары қоятын, қара қылды қақ жаратын судьялар керек. Заман талабына сәйкес, сот корпусына қойылатын талап та тұрақты түрде артуда.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1005029 (2022.09.19. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).
2. «Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V Кодексі https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32683909 (2023.01.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
3. Осипов П.Н. Практическое содержание процессуальных форм обжалования постановлений суда – апелляция, кассация, надзор: авнительный анализ // Арбитражный и гражданский процесс. – 2005. – № 3. – С. 66-68.
4. Арсентьев О.В. Гражданское процессуальное право Казахстана: курс лекций. – Челябинск, 2000. – 168 с.
5. Улетова Г.Д. Эволюция норм о подготовке дела к судебному разбирательству в гражданском процессе // Законодательство. – 2004. – № 6. – С. 9-10.
6. Дождев Д.В. Римское частное право: Учебник. – М., 2003. – 367 с.
7. Гражданский процесс: Учебник / Под ред. А.Ф. Клейнмана. – М., 1940. – 348 с.
8. Терехова Л.А. О праве суда апелляционной инстанции возвращать дело на новое рассмотрение в суд первой инстанции. // Арбитр, и гражд. процесс. – 2012. – № 2. – С. 34-37.
9. Терехова Л.А. Полномочия апелляционной инстанции в решениях КС РФ // Вестн. гражд. процесса. – 2013. – № 3. – С. 58-70.

10. Шкундина Ю.С. Апелляционное производство в гражданском процессе: новеллы Гражданского процессуального кодекса Российской Федерации // Адвокат. – 2012. – № 4. – С. 26-31.

11. Тлегенова Ф.А. О системе гражданского процессуального права и структуре ГПК Республики Казахстан: Сборник материалов исследования «Суды без коррупции». – Алматы, 2001. – С. 120-131.

СТАТУС СУДА АПЕЛЛЯЦИОННОЙ ИНСТАНЦИИ

Аннотация: Наряду с рядом добрых мер по приведению судебной системы в соответствие с мировыми стандартами, в соответствии с судебной реформой в значительной степени реализован курс на усиление апелляционного производства, особое внимание уделяется апелляционной инстанции в законопроектах о внесении изменений и дополнений в Гражданский процессуальный кодекс.

Ключевые слова: Апелляционная инстанция, конституция, суд, государство, гражданский процессуальный кодекс.

STATUS OF THE COURT OF APPEALS

Annotation: Along with a number of good measures to bring the judicial system in line with world standards, in accordance with the judicial reform, the course to strengthen appeal proceedings has been largely implemented, special attention is paid to the appellate instance in the bills on amending and supplementing the Civil Procedure Code.

Keywords: Appellate instance, constitution, court, state, civil procedure code.